

Ендеше келешегіміз кемел болсын десек, елбасымыздың алға қойған осы бір мақсатын барша түркі жұрты болып қолдайық, өткенімізден сабақ ала отырып, болашағымызды баянды ету жолындағы хақ мұраттарымызға жетуге талпынайық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Аңыз адам» журналы, №2
2. Ә.Қара «Мұстафа Шоқай және Түркістан легионы», Астана, 2005 ж
3. Е.Төрехұлов «Тұтқын сыры», Алматы, 2010 ж
4. Н.Назарбаев «Тарих толқынында».

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ФЭНТЕЗИ ЖАНРЫ

*Такиров С.У., ф.ғ.к., доцент,
Кусаинова И.А., студент
Е. А. Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Әлем әдебиетінде қалыптасып, жанрлық тұрғыдан жетілген бұхаралық әдебиет жанларының бірі – фэнтези жанры. Фэнтези (ағыл. *fantasy* – «фантазия») – мифологиялық және ертегілік мотивтерді пайдалануға негізделген фантастикалық әдебиет түрі. Заманалық әдебиет түрі ретінде ХХ ғасырда өмірге келді. Фэнтези әкесі - әлемге танымал «Властелин колец» туындысының авторы Джон Рональд Руэл Толкиен [1;186].

Фэнтези мифологиялық ертегілерге негізделеді. Оған шығармадағы әлемнің жасанды болуы, кейіпкерлердің сол әлем заңдылықтарына бағынуы мен өздерінің жақсы немесе жаман қасиеттерін көрсетуі тән. Ғылыми фантастикамен салыстырғанда фэнтези іс-әрекет орын алып отырған әлемді ғылыми тұрғыдан түсіндіруге тырыспайды. Батыс фэнтезиінде оқиға өтетін әлем не параллельді әлемде, не басқа ғаламшарда орын алады. Ондай әлемде құдайлар, мифтік не басқа да фантастикалық мақұлықтар шынайы өмір сүреді. Олардың әдеби ертегіден өзгешелігі суреттелетін әлемнің дағдылы қалыбы деп танылып, табиғаттың бұлжымас заңдылығы деп қабылданады.

Фэнтези фантастикадан туған жанр. Фэнтезиге анықтама беріп кеттік. Ал фантастика дегеніміз не? Фантастика – әдебиеттің өмір шындығын қиял тұрғысында әсірелеп бейнелейтін жанры. Фантастикалық көркем әдебиет – негізінен, ойдан туындатылатын, ғылым немесе техниканың қоғамға немесе жеке адамға ықпалы суреттелетін қияли әдеби шығармалар [1;185].

Фантастиканың фэнтезиден айырмашылығы - оның ғылыми ойлау, техника жетістіктерін, әлем заңдылықтарын негізге алуы. Әдебиет зерттеушісі М. Галина екі әдеби жанрдың басын ашып көрсету өте қиын. Бірақ шартты түрде айтар болсақ, ғылыми фантастика ғылыми парадигмаға арқа сүйесе, фэнтези қосымша шарты ретінде магияны өзіне серік етеді деген ойды алға тартады. Фэнтезинің басты нышаны – мифке бет бұру. Ғылыми фантастика мен фэнтези бір-бірінен көптеген ішкі шарттары бойынша өзгешеленеді. Бірі – болуы ешқашан мүмкін емес, әлем келбетін көз алдымызға әкелсе, екіншісі болашақта әйтеуір бір болып қалуы мүмкін ғалам келбетін сомдайды. Фэнтезиде бізден тысқары күштер іс-әрекет үстінде көрінеді және әлем келбетін адам танымастай өзгерте алады. Мұндай сипат ғылыми фантастикаға мүлдем жат. Осы екі әдеби жанрды зерттеуші Чернышеваның пікіріне ден қойсақ, ғылыми фантастика мүмкін болатын нәрсені дүниені сөз етсе, фэнтези өз кезегінде мүмкін емес дүниені қиял құсын шарықтатып мүмкін ете алады. Бұдан шығатыны ғылыми фантастика тылсым құбылыстардан сырғақтаса, фэнтези оны өзіне басты өзек етіп алады.

Фэнтезиге бет бұру қазіргі қазақ әдебиетінде енді-енді кең тарала бастаған құбылыс. Фэнтези жанрына зерттеушілер Зира Наурызбаеваның «Алтын тостағанды іздестіру: Бату және оның достарының басынан кешкендері», А.Түлембаеваның «Дамока және оның достары» секілді шығармаларын жатқызып жүр.

«Шетсіз-шексіз далалармен шектесетін заңғар биік тауларда қанатты қар барыстары, яғни ілбістер өмір сүреді. Олар онда еркін әрі жайбарақат күн кешеді, себебі атам заманнан бері ақша бұлтар басқан қар шыңдары бұлардың ата мекені...»[2;5] деп басталатын Айгүл Түлембаевның «Дамока және оның достары» ертегісі Дамока атты кішкентай ілбіс және оның басынан кешкен

оқиғалары туралы. Ертегіде сиқыршылар адамдарды дуалап тастайды. Оларды құтқармақ болған Дамока және оның достары әлемдегі тіршіліктің төрт құдіретіне жүгінеді. Төрт құдірет Дамока мен достарына сиқырлы қамшыны іздеп табуға кеңес береді. Сөйтіп Дамока және оның достары сиқырлы қамшыны іздеуге шығады. Жолда небір қиындықтарды бастан кешіріп, ақырында сиқырлы қамшыны тауып, адамдарды дуадан азат етеді. Зерттеушілер бұл шығарманы фэнтези жанрына жатқызғанмен, шығармада фэнтезидің элементтері ғана кездеседі. Мысалы, авантюра (Дамока мен оның достарының сиқырлы қамшыны іздеуі), магия (сиқыршылардың ададарды дуалауы), жақсылық пен жамандық арасындағы күрес (Дамока және оның достары мен сиқыршылар арасындағы күрес).

Фэнтези жанрының талаптарына сай шығарма деп Т.Рымжанның шығармаларын айтуға болады. Мысалы, оның «Гүл ағашы» шығармасындағы адам, пері және шайтанның бір әлемде өмір сүруі, пері баласы Күсептің адамның ішіндегі ішкі шайтандарды алып тастауы, адамды кез келген уақытта ұйықтататын перілер төсегі, Ұлар шыңынан есіп тұратын ғажайып леп, Қарабектің мойнындағы қасиетті сары дәке тұмар т.б. [3] – осының бәрі қиялдан туған жайттар. «Гүл ағашы» мифологиялық ертегілерге негізделген. Шығармадағы әлемнің жасанды, кейіпкерлердің сол әлем заңдылықтарына бағынады және өздерінің жақсы немесе жаман қасиеттерін көрсетеді.

Фэнтези тек әдебиетте ғана емес кино индустриясында да өз бағын сынауда. Әлем әдебиетінен киноэкранизацияға шыққан рейтингі ең жоғары фильмдер қатарына 7 бөлімнен тұратын Дж. Роулингтің «Гарри Поттеры» мен фэнтезидің атасы болып саналатын Дж.Толкиеннің «Властелин колец» атты шығармасын жатқызамыз. Қазақ кино индустриясында фэнтези жанрында кино әлі шыққан жоқ. Бұның себептерінің бірі – фэнтезидің қазақ әдебиетінде әлі де жанр болып қалыптаса қоймауы болса, екінші бір себебі қазақ кино индустриясының фэнтези жанрында кино түсіру дәрежесіне жете алмауы дер ем. Жуырда ғаламтордан жазушы Таласбек Әсемқұловтың сұхбатын оқыдым. Т. Әсемқұлов тапсырыспен фэнтези жанрында «Жезтырнақ» көркем фильмнің сценарийін жазыпты. «Жезтырнақ» көркем фильмінде жезтырнақ бейнесі арқылы қазақ-қалмақ арасындағы соғыстың зардабы көрсетілген. Таласбек ағамыздың өз сөзін келтіріп кетер болсақ, «Бұл тақырыпты мен неге таңдадым? Қазақ тарихындағы ең үлкен зобалаң, ұлттың болашағын қиған ең ауыр нәубет – екі жүз елу жылдай уақытқа созылған қазақ-қалмақ соғысы. Бұл соғыстың зардабы сұмдық. Екі жарым ғасыр үздіксіз кескілес барысында біз өзіміздің қалалық отырықшы мәдениетімізден, бүкіл жазба мұрамыздан айырылдық. Бұл соғыстың моральдық, ізгілік, ментальдік шығындары ұлттық мінезден әлі күнге дейін көрініп отырады. Және, ең қасіреттісі, ұлттық тарихтың ең қанды кезеңі біздің әдебиеттен дұрыстап көрініс те таппағаны. Қадау-қадау бірнеше тарихи роман, өте нашар түсірілген бірнеше фильм. Ресейді қараныз. Екінші дүниежүзілік соғыс тақырыбы орыс мәдениетінің келіп бас ұратын құлпытасына айналған. Ол жайында жазылды, жазылып жатыр, жазыла бермек. Ол жайында қанша фильм түсірілді және бұдан кейін де түсіріле бермек. Ал біз бәрін ұмыттық. Ол қалмақ соғысы қазір кімнің есінде дейсіз. Мен бұл сценарийді жазғанда қазақтың әскери тұрмысын, сол кездегі адамдық қатынастар және соғысты көрсетем деп мақсат қойдым. Және бұл соғысты героика арқылы емес, барлық қан сасыған шындығымен, барлық азабымен»[4], – дейді жазушы.«Жезтырнақ» Оңтүстік Корея жариялаған сценарийлер конкурсында жеңіп, сол жаққа аттанды. Корея бұл фильмді түсірді ме, жоқ па о жағынан біз бейхабармыз.

Қорытындылай келе, фэнтези – қазақ әдебиетінде жанадан қалыптасып келе жатқан, фантастикадан туған әдебиет жанры. Фантастиканың фэнтезиден айырмашылығы - оның ғылыми ойлау, техника жетістіктерін, әлем заңдарын негізге алуы. Фэнтези мифтерге, фантастика ғылымға негізделеді. Қазақ фэнтезиі әлі де толық қалыптасып болған жоқ. Қазақ жазушыларының құлақтарына алтын сырға, қазақтың дүниетанымын танытып, байырғы аңыз-әңгімелер, ертегілерді жаңғыртудың бірден-бір жолы ол – ол халқымыздың асыл мұрасы – ауыз әдебиеті шығармаларын, оның ішінде атап кетер болсақ, ертегі, жырларды фэнтези жанрының негізінде жазып, баспаға шығару не фильм түсіру дер ем.Болашақта фэнтези жанрында толық қалыптасып, кемелденген фэнтези туындылары жарық көреді деген сенімдемін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1.Луков А.В. Изучение системы жанров в творчестве зарубежных писателей. – Изд-во Моск. пед.ин-т, 1983.
- 2.Түлембаева А. Дамока және оның достары: [ертегі]. – Алматы, 2010.

3.Рымжанов Т. Гүл ағашы. –Алматы, 1999.

4.Қондызақова М. Таласбек Әсемқұлов: Мен Толстойды ұлы жазушы деп есептемеймін (сұхбат). – «Әдебиеттің әңгімесі», 2012.

КӨРКЕМ ШЫҒАРМАДА НАРРАТОРДЫҢ КӨРІНУІ

*Такиров С.У., ф.ғ.к., доцент,
Рышкен Ә.Б., студент,
Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ*

Көркем мәтін, көркем шығарма - әдебиеттану ғылымының негізгі зерттеу объектісі. Қазіргі таңда әдебиеттану ғылымының зерттеу тұғырынан түспей жүрген күрделі мәселелер, олар жайлы айтылып жүрген соны ойлар, зерттеушілеріміздің гипотезалары, субъективті пікірлерінің барлығы «көркем мәтін» ұғымынан келіп туындап жатыр.

Көркем мәтіннің құрылысы өте күрделі, сонымен қоса атқаратын қызметі де сол деңгейде. Зерттеуге алынып отырған тақырыбымыз да көркем мәтіннен алшақ жатқан жоқ, тамырлас. Көркем мәтін дегенімізді көп қабатты үй деп алайық. Сол көп қабатты үйдің бірінші қабатына көтерілсек, алдымыздан көркем мәтінде негізгі рөлді кім атқарады? көркем мәтінді оқырманға жеткізуші кім? дейтін сұрақтар шығады. Нәтижесінде осы мәселе қазіргі әдебиеттану ғылымына «нарратология» ұғымын алып келді.

Қазақ әдебиеттану ғылымында нарратология жеке пән етіп оқытылмайды. Оның себебі де белгілі: әдебиеттану ғылымының кенжесі, енді ғана тәй-тәй басып келе жатқан саласы. Алайда нарратологияның зерттелу бастамасы тәуір нәтижелер көрсетуде. Әдебиеттануда «баяншы», яғни әңгімені оқырманға жеткізуші деген ұғымда қолданыста жүр.

Біз нарратологияның зерттелу тарихына келгенде бұл зерттеудің бастамасын шет ел ғалымдарынан аламыз, сол зерттеушілердің іргелі еңбектеріне сүйенеміз. Олай болуы да заңды шығар. Өйткені өз уақытында Ахмет Байтұрсынов жасап берген Еуропалық қалыптың (форма) күні бүгінге дейін өз қалпын жоғалтпауында деп түсінемін. Шет елдердің өздеріне лайықтап алып жасап отырған жүйесін келіп ұлттық әдебиетімізге келсе де, келмесе де енгізуге әрекет жасаймыз. Неге нарратологияның бастауларын өзіміздің зерттеушілерден іздемеске?! Осыған байланысты Н.Кенжеғараевтың «Абайдың «айтушы» дегені кім?» атты мақаласы бар. Бұған қатысты әлі де зерттеу керек мәселелер туындап жатыр.

Негізінде, Еуропоцентристік көзқарас қазақ ғылымының дамуына әбден бұғау салып тастаған. Барлық мәдениет, өркениет, ғылым, жаңалық бастаулары сол елдерде жатыр деп бас шұлғи береміз. Әлем ғылымдарында «нарратология» термині 1960 жылдары қалыптаса бастаса, қазақ әдебиеттану ғылымында, оның ішінде Абай поэзиясында «нарратордың» синонимі «айтушы» ұғымы 1900 жылдардың өзінде-ақ қолданыла бастаған.

«Айтушы мен тыңдаушы көбі надан

Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы».[1]

Абай айтып өткен «айтушы» түсінігі бүгінгі «нарратор» ұғымының барлық қырын ашып көрсетіп бермесе де, бастамасы осында жатыр емес пе? Абай бұл өлеңнің авторы бола тұрып, «айтушы» деп жеке алып жазады. «Мен айтып отырмын» деп тұрғаны жоқ. Яғни, мейлі поэзия болсын, мейлі проза болсын, жалпы көркем шығарманы айтушы, жеткізуші бар дегенді меңзеп отыр емес пе?! Алдағы уақытта Абайдың «айтушы» дегені кім еді? Оның көркем мәтінді оқырманға жеткізуде қатысы бар ма? деген сұрақтар бізді мазалауға тиісті.

Нарратор ұғымын тереңірек түсінгіміз келсе, оның автордан айырмашылығын анықтап алуымыз керек. Автор – ол нарратор емес. Автор біреу ғана болуы мүмкін, ал нарратор бірнеше. Мысалы, Роза Мұқанованың мынадай әңгімелерін алып қарайық: «Өзің», «Тұл», «Моностырь», т.б. Осы көркем шығармалардың авторы – Роза Мұқанова, ал нарраторше? Нарратор емес, нарраторлар дегеніміз дұрысырақ. Себебі: шығармалардың авторы біреу болғанымен, әр шығарманы бізге жеткізетін нарратор саны да шығарма санына тәуелді. Яғни, осы шығармалардағы нарраторлар дегеніміз - жазушы Роза Мұқанованың «қолдан жасаған адамдары». Алайда мән беріп қарайтын үлкен жайт – нарратор автор қолынан шықса да, маңыздылығы мен атқаратын функциясы жағынан